

«№9 «Бәйшешек» бөбекжай – балабақшасы МКҚК
Қамқоршылық кеңес отырысынан көшірме
Хаттама №1

03.09.2025

Қатысқандар: Қамқоршылық
кеңесінің төрағасы,
мүшелері.
Балабақша меңгерушісі,
әдіскер.

Күн тәртібінде:

1. 2025 – 2026 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспарын бекіту.
2. Балабақша ішілік қосымша ақылы қызмет үйірмелерін ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Р.А.Сергалиева сөз алды. Жылдағыдай биылғы оқу жылында да жоспар құрылып сол жоспарды бүгін сіздерге таныстырып мақсат міндеттерін айтып өтемін. Және осы жоспардағы жұмысты бәріміз бір ауыздан орындап жоспарды іске асырайық. Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі С.Ж.Абдишукирова сөз алды. 2025 – 2026 оқу жылына қосымша ақылы үйірмелер жұмыстарына сұраныс берілді. «Кел билейік, үйренейік» үйірмесі (мектепалды, ересек, ортаңғы топтары). «Тілашар» (мектепалды тобы). «Есептен жаңылма» (мектепалды тобы) үйірмелерін ашуға жоспарлап отырмыз. Осы аталған үйірмелер күннің екінші жартысында өтеді, аптасына 2 рет. Бұл адаптивтік бағдарламалар құрылып, қалалық білім бөлімінің expertтік кеңесінен өтті. Үш үйірменің жетекшілері де кесте бойынша жұмыстарын ұйымдастырады.

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бір ауыздан бекітілсін, жоспарға сәйкес жұмыстары жүргізілсін.
2. Қосымша ақылы үйірмелер балалардың жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылып жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  Р.А.Сергалиева

Хатшы:  Г.Ж.Туремуратова